



Айқын жеңісімен құттықтады

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ресей Федерациясының Президенті Владимир Путинмен телефон арқылы сөйлесті.

Әңгімелесу барысында Владимир Путин Қасым-Жомарт Тоқаевты президент сайлауындағы айқын жеңісімен құттықтап, жоғары мемлекеттік қызметіне табыс тіледі. Қасым-Жомарт Тоқаев Владимир Путинге құттықтағаны үшін ризашылық білдіріп, Қазақстанның Ресеймен жан-жақты ынтымақтастық жөніндегі ұстанымы жалғаса беретінін айтты.

Қазақстан Президенті Ресей Президентін алдағы Ресей күні мемлекеттік мерекесімен құттықтады.

Қасым-Жомарт Тоқаев Өзбекстан Республикасының Президенті Шавкат Мирзиёевпен телефон арқылы сөйлесті.

Өзбекстан Президенті Шавкат Мирзиёев Қасым-Жомарт Тоқаевты Қазақстан Республикасының Президенті сайлауындағы айқын жеңісімен құттықтады.

Қасым-Жомарт Тоқаев Шавкат Мирзиёевке құттықтағаны үшін ризашылық білдіріп, бауырлас елдер арасындағы ынтымақтастықты жан-жақты әрі қарқынды ілгерілету жөніндегі Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың ұстанған саясатын жалғастыратынын атап өтті.

Мемлекет басшылары Қасым-Жомарт Тоқаевтың биылғы 14-15 сәуірде Өзбекстанға жасаған мемлекеттік сапарының нәтижесінде қол жеткізілген уағдаластықтардың тиімді жүзеге асырылуы қазақ-өзбек қарым-қатынастарының дамуына тың серпін беретініне сенімділік білдірді.

Мемлекет басшысы Қырғыз Республикасының Президенті Сооронбай Жээнбековпен телефон арқылы сөйлесті.

Қырғыз Республикасының Президенті Сооронбай Жээнбеков Қасым-Жомарт Тоқаевты Қазақстан Республикасының Президенті сайлауындағы жеңісімен құттықтады.

Тараптар екі ел халықтарының тату көршілік және достық негіздегі қазақ-қырғыз қатынастарын одан әрі нығайтуға ниетті екенін нақты айтты.

Сонымен қатар, президенттер алдағы кездесулердің кестесін қарастырды.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Тәжікстан Республикасының Президенті Эмомали Рахмонмен телефон арқылы сөйлесті.

Тәжікстан Президенті Эмомали Рахмон Қасым-Жомарт Тоқаевты Қазақстан Республикасының Президенті сайлауындағы жеңісімен құттықтады.

Мемлекет басшылары Қазақстан мен Тәжікстан арасындағы стратегиялық әріптестіктің одан әрі қарқынды дамуына сенім білдірді. Тараптар алдағы кездесулердің кестесін талқылады.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың атына Түркия Республикасының Президенті Режеп Ердоғанның құттықтау жеделхаты келіп түсті.

«Қазақстанның тыныштық пен тұрақтылық жолындағы қадамдарын одан әрі жалғастыра түсетініне және халықаралық бейбітшілік пен қауіпсіздікті қамтамасыз етуге үлес қоса беретініне күмән жоқ. Халықтарымыз арасындағы тарихи және ежелгі достыққа негізделген Түркия-Қазақстан қарым-қатынастары Тұңғыш Президент – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев мырзамен біздің бірлескен күш-жігеріміздің арқасында жоғары деңгейге жетті. Осы орайда, елдеріміз арасындағы қарым-қатынастарды барлық салада одан әрі дамыту үшін жұмыс істеуге дайын екенімізді атап өткім келеді», – делінген жеделхатта.



ПКІР/2

Жастардың жарқын қолдауы



«МЕРЕЙЛІ ОТБАСЫ»/3

Адам ұрпағымен бақытты



ӨНЕР/4

Әбжанова әлемі



Сыр бойы

Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет

1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

11 маусым /СЕЙСЕНБІ/ 2019 ЖЫЛ



№85 (19763)

САЙЛАУ – 2019

ОСК: Тоқаев 70,96 процент

ҚР Орталық сайлау комиссиясы 2019 жылдың 9 маусымында өткен кезектен тыс президент сайлауының қорытындысын шығарды, деп хабарлайды «ҚазАқпарат».

Орталық сайлау комиссиясының мәліметтеріне сәйкес, Жамбыл Ахметбеков 167 649 дауыс немесе сайлаушылардың жалпы дауысының 1,82 процентін, Дания Еспаева 465 714 дауыс немесе барлық сайлаушылар дауысының 5,05 процентін, Әміржан Қосанов 1

495 401 дауыс, яғни барлық сайлаушылар дауысының 16,23 процентін, Төлеуай Рахымбеков 280 451 дауыс немесе жалпы сайлаушылар дауысының 3,04 процентін алды. «Сондай-ақ Амангелді Таспиховқа 182 898 дауыс берілді, бұл дауыс беруге қатысқан сайлаушылардың 1,98 проценті,

Қасым-Жомарт Тоқаевқа 6 539 715 дауыс немесе сайлаушылардың 70,96 проценті дауысын берді. Сәлі-Бек Түгел 84 542 дауыс немесе сайлаушылардың жалпы санының 0,92 процентінің дауысын алды», – деп ҚР ОСК мүшесі Ләззат Сүлеймен.

Тәуелсіз елдің таңдауы

Халықтың таңдау жасау құқығын пайдалану – демократиялық қоғамда қалыптасқан үрдіс. Болашақ үшін іргені бекемдеп, алысқа көз тігетін жұртшылықтың жексенбінің таңы атқаннан өз үшкелеріне ағылду ертеңге бей-жай қарамайтындығын аңғарта керек. «Сыр бойы» газетінің тілшілері ҚР Президентін сайлау күні Қызылордадағы бірқатар сайлау үшкелеріне барып, саяси науқанның өту барысына қаныққан еді.



Облыс әкімі Қырымбек Көшербаев Қызылорда қаласындағы №101 мектептегі №263 сайлау үшкелесінде дауыс берді. Мұнда таң ертеден бастап жұртшылық белсенділік көрсетіп, өз таңдауларын жасады. Сондай-ақ қаладағы №278 орта мектепте №349 және №354 сайлау үшкелері орналасқан. Таңертеңгі сағат 8-де мектеп ауласы сайлаушыларға толы. Дауыс беріп шыққандар мерекелік көңіл-күймен саяси науқанға атсалысты.

№349 үшкелік сайлау комиссиясының хатшысы Орал Тыманбаеваның айтуынша, үшкеле ашылған бір сағаттың ішінде тіркелген 2357 сайлаушының шамамен 150-ден астамы келіп үлгерген. Мүмкіндігі шектеулі 17 адам үйден дауыс берді.

Қызылорда қаласының әкімі Нұрлыбек Нәлібаев осы мектептегі үшкеледе таңдауын жасады. Жалпы облыс орталығында халықтың ашық

әрі демократиялық ойын білдіруіне барлық мүмкіндік берілді. Қалада 113 сайлау үшкелесі жұмыс жасады. Қоғамдық көліктер таңғы сағат 5-тен бастап жолаушыларды тегін тасымалдады.

Дауыс берген сайлаушылар қатарынан облыстық медицина орталығының директоры, облыстық мәслихат депутаты Нурдин Әмітовті әңгімеге тартқан едік.

– Бүгінгі қадамымыз болашақ үшін жасалуда. Сондықтан елдік мұраттарды көздеп, таңдауымызды жасадық. Бастысы – ел іші алауыздықтан аман болсын, – деді ол.

Сондай-ақ сайлауға алғаш рет қатысып, дауыс берген Ержан Мұхтар:

– Мен сияқты таңдауын алғаш жасаған қатарластарым үшін бүгінгі күннің маңызы ерекше. Алдағы білім алуға, өмірден өз орнымызды табуға деген талпынысымызға қолдау білдіретін, жастардың бастамаларына жанашырлықпен қарайтын кандидатқа дауысым бердім, – деді.

Мектептің екінші қанатындағы №354 сайлау үшкелесіне комиссия төрағасы Берік Бекеновтің айтуынша, 2465 сайлаушы қарайды. Халықтың белсенділігі өте жоғары. Елдің болашағы әрқайсысының таңдауына байланысты екенін түсінеді.

Екі үшкеледе де бақылаушылар сайлаудың өту барысын қадағалап отыр. Біз әңгімелескен «Ұлт тағдыры» қоғамдық қорының бақылаушысы Зәріп Досығұлов, «Аманат» азаматтық платформасының бақылаушысы Күлпаш Разакова заң бұзушылықтардың орын алмағанын айтты.

2-бет.

КӘСІПҚОЙ БОКС

Жарайсың, Гена!

Кәсіпқой бокста орта салмақта әлемді бағындырған экс-чемпион Геннадий Головкин АҚШ-тың Нью-Йорк қаласында канадалық Стив Роллспен кездесті. Төрткүл дүниеге аты шыққан екеудің жұдырықтасуы төртінші раундта Головкиннің пайдасына нокаутпен аяқталды. Қазақстандық былғары қолғап шеберінің жеңісіне орай спортшыға Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев құттықтауларын жолдап, спорт жолында ірі жеңістерге қол жеткізуіне тілектестігін білдірді.

Дәулет ҚЫРДАН.

Н.Назарбаев құттықтау хатында Головкиннің ерекше жігер мен асқақ рухпен қайсарлық танытқанын сөз етті. «Өзінді ұдайы шыңдауың

және алға ұмтылысың саған көптеген спорт шыңын бағындыруға мүмкіндік берді, ол қазақстандық спортшылардың жана буыны үшін

үлгіге айналды», – деді Елбасы. Бұл хатты баспасөз хатшысы Айдос Үкібай твиттердегі парақшасында жария етті.

Ал Президент Қасым-Жомарт Тоқаев твиттердегі парақшасында құттықтады. «Еліміздің мақтанышы Геннадий Головкин кезекті сенімді жеңісімен қазақстандықтарды қуантып, тағы да өзінің жігерлі рухы мен шеберлігін көрсетті. Жарайсың, Гена! Қазақстандықтар қашан да сені мақтан етеді! Жеңіс құтты болсын!», – деп жазды ол.



4-бет.

ПКІР

Салауатты ойлау сан биікке шығарады

Қай кезде болса да тұрғындардың біліктен талап ететіні – әділеттілік. Әркімнің пікірі әртүрлі. Өйткені адамдар табиғатында бірдей жаратылмаған. Бір адамның алақанындағы қыртыс екінші адамда қайталанбайды. Сондықтан адам пікірлерінің де сан түрлі болатыны анық. Демек, сайлау кезіндегі адамдардың таңдауы да бірқелсіз бола бермейді. Алайда, қай кандидаттың жеңгені өзінше бір мәселе, тек елдік мүдде ұтылмауы тиіс. Елдің бірлігі, ынтымағының маңыздылығы күн санап артып келеді.

Әрине, сайлау қорытындысына кейбір азаматтар тарапынан қанағаттанбаушылық болатын түсінікті жағдай. Бір нәрсе ақиқат. Бейнеттің зейнеті дегендей, жақсы тұрмыс еңбектің нәтижесі екенін түсіндіре береміз қажет. Нарық жағдайында әділдік дегеніміз «мүмкіндіктер теңдігі мен әділеттілігі» болып табылады. Президенттің негізгі ұстанымдары ретінде әділеттік қағидасын алдыңғы қатарға шығарғандығы билік пен халықтың арасын жақындастыра түсетін болады. Біздің қоғамдағы көпшілігіміз өзін

саясаттың билігі санайды. Ал, саясат деген – өте қиын ғылым. Осыған сәйкес, сайлауалды, сайлаудан кейінгі ахуалды, саясаткер болмасақ та, қоғамның белсенді өкілі ретінде дұрыс болжай білуіміз керек. Қазір ақпарат беттерінде, желілерде әртүрлі пікір жарық көруде. Социологтардың зерттеуі бойынша, біздің тұрғындардың 40 процентке жуығы психологиялық тұрғыдан тұрақсыз. Бұл – мәселені тереңнен білмегендіктен, көзқарастары ауытқымалы болады деген сөз. Көзі ашық, көңілі ояу, ізгілікті істің басында жүрген азаматтар осы



бағытта түсіндірме жұмыстарын жүргізгені дұрыс. Ата-бабамыздан

келе жатқан елдің біртұтастығы бізге аманат. Ал, аманат жауапкершілігінің салмағы ауыр. Сайлау алдында, сайлау кезінде митингі жасап, бәсекелестікті бақталастықпен алмастырып алу сайлау өткізуге қысым жасаушылық деп түсінеміз. Қазақ халқы – алдын ала байбалам салушылықтан сақтанып, әр нәрсеге байсалдылықпен қараған ұлт.

Қазіргі уақытта біз үшін басты құндылық – тұрақтылық, өзара ынтымақтастық. Сайлау – кез келген қоғам үшін ардайым сынақ. Бұл қоғамдық құндылықтарды, ұлттың ұйымшылдығын, қабылданған шешімдердің дұрыстығын тексеретін кез. Бізге ұраншылық емес ұстамдылық, ақылға сүйенген ұлттық намыс, дым жоқ деп ауызды қу шөппен сурте бергеннен гөрі өзмізге де, өзгеге де сеніммен қарап, тырнақ астынан кір іздемей қолынан іс келетін, ел сенімін атқаратын тәжірибелі, тала, белгілі халықаралық деңгейдегі беделді тұлғамызға қолдау көрсету әрқашанда

маңызды. Қазақстан халқы да осы үшін дауыс берді деп есептеймін. Бұл да салауатты ойлаудың көрінісі. Барлық кандидаттардың ел үшін еңбегі, ұлт үшін ұмтылысын құрметтейміз. Олардың көзқарастарын алдағы ел басқару саясатында ескеру қажет. Қазақстандықтардың саяси мәдениетінің өскенін байқалдық. Ешқандай ірі партия немесе қоғамдық ұйымдар құрмай-ақ жекелеген адамдардың өз саяси долада бәсекеге түсе алатынын көрдік. Алдағы уақытта биліктің өз тарапынан жүргізетін іс-шараларында елмен етене жұмыс жүргізу қажеттігін сездік.

Сайлау өтті. Енді алда тұрған сан салалы жұмыстарды билік пен халық бірлесіп атқаруы тиіс, бұл іс бірлімізге сын. Шыбын жанымызды шүберекке түйіп, етек-жемімізді буып қолымызға алған тәуелсіздігімізге бірлесіп қызмет етейік.

Наурызбай БАЙҚАДАМОВ, тарих ғылымдарының кандидаты.

«СБ» ақпарат.

Сыр түлектері белсенді




Мәскеудегі Қазақстан Республикасының Ресей Федерациясындағы Елшілігі жанындағы үшкеледе сайлаушылардың белсенділігі жоғары болды. Елшіліктің фейсбуктегі парақшасындағы мәліметтерге қарағанда, мұнда жалпы 1477 адам дауыс берген. Ресей Федерациясының аумағында жүрген еліміздің азаматтары Қазақстанның дипломатиялық өкілдіктері жанында Мәскеу, Санкт-Петербург, Қазан, Астрахан және Омбы қалаларында құрылған бес сайлау үшкелесінде өздерінің құқығын пайдаланды.

Мәскеудегі жоғары оқу орындарында білім алып жатқан қызылордалық студенттер де ел болашағымен байланысты жауапты науқаннан тыс қалмады. «Мәскеу болат және қорытпалар институты» Ұлттық зерттеу технологиялық университетінің студенті Алтынай Әбдіжәміева сайлау үшкелесіне келіп, өз таңдауын жасады.

– Дауыс беру – еліміздің әр азаматының борышы. Елден жырақта жүрсек те, өз таңдауымызды жасағанға қуаныштымын, – деді ол.

Бүгінде Ресей астанасы мен Санкт-Петербург қалаларында жүздеген қызылордалық студенттер білім алуға. 2014 жылдан бері Ресейдің жетекші инженерлік ЖОО-ға РФ үкіметінің гранты есебінен 500-ге жуық сырбайлық түлек оқуға қабылданды. Былтыр олардың алғашқы легі оқуын аяқтап, елге оралды. Жақында инженер-мамандардың екінші легі қолдарына диплом алмақ.

Тәуелсіз елдің тандауы



И.Әбілқаримов атындағы Қызылорда аграрлы-техникалық жоғары колледжінде орналасқан №204 сайлау учаскесінде дауыс берушілер қатары қалып болды. Учаске төрағасы Ибадулла Құттықожаев та сайлау учаскесі ашылған сәттен бастап халық белсенділік танытқанын, ешқандай тәртіп бұзушылықтың орын алмағанын, дауыс беру ережесіне сай жүргізілгенін алға тартты.

– Бүгін күллі ел үшін айтулы күн. Тұрғындардың танмен таласа келіп жатқанына қуаныштымын. Әсіресе, сайлауға алғаш қатысушылардың жоғары белсенділігі байқалады. Бұдан бөлек, 99 жастағы соғыс және еңбек ардагері Бөрібай Құлманов біздің бөліністен дауыс берді. Ешбір заңсыздық орын алған жоқ. Бақылаушылар да өз міндеттерін атқаруда, – деді Ибадулла Құттықожаев. М.Мәметова атындағы Қызылорда 1-бег.

педагогикалық жоғары колледжіндегі сайлау учаскесінде де тұрғындар дауыс беріп жатты. Сайлау бюллетенін алғаш болып жәшікке салғандардың қатарында Абай Сейіткасымов бар. – Бұл шешім болашағымызды айқындайды. Әрбіріміздің дауысымыз маңызды. Сондықтан мен Головкиннің жеңісін тамашалағаннан кейін бірден учаскеге келіп, азаматтық парызымызды орындадым. Халық тандауына лайық адам жеңіске жетеді деп ойлаймын, – деді Абай.

Қаламыздағы №207 учаскелік сайлау комиссиясы С.Ысқақов атындағы Қызылорда құрылыс және бизнес колледжінде орналасқан.

Таңмен таласа келген жұртшылық өзінің таңдаған кандидатына дауыс берді. Немересін жетектеген үлкендер де, жастар да белсенділік танытып, таңдауларын жасалды. Бұл аумаққа қарасты 2542 сайлаушы тіркелген болса, оның басым бөлігі түске дейін дауыс беріп үлгерді.

Дауыс беруге келген сайлаушылар арасынан «Ауған соғысының ардагерлер ұйымы» қоғамдық бірлестігінің төрағасы Қайрадин Баймахановты кездестірдік. Пікірін біліп, әңгімеге тартқан едік.

– Бүгін, міне, бір елдің азаматы ретінде өз дауысымызды беруге келдік. Қазір бізге керекті, ең бірінші кезекте елдің тыныштығы. Менің ойымша, халықтың тағдыры – ел басқаратын адамның қолында. Сондықтан ол жерге білікті, өз елін сүйетін патриот, мемлекетімізді одан әрі дамытатын мықты тұлға қажет. Кей елдерде тұрақтылықтың болмауы салдарынан қарапайым халық зардап шегуде. Ашық аспан, бейбіт күнді аңсап жүрген адамдар қаншама? Ал біздер, осы сайлауда өзіміздің бірлігімізді тағы бір дәлелдеп, дүниежүзіне паш етуіміз керек. Әр азаматтың борышы да, бүгінгі міндеті де осы, – деді Қ.Баймаханов.

Аталған учаскелік сайлау комиссиясының төрағасы Орынбай Қуанышбаевтың айтуынша, бұл жерде тұрғындар үшін қолайлы жағдай жасалған.

– Қала тұрғындары сайлауға біркісідей қатысуда. Сайлаушылардың 70 проценті сағат 16-00-де өз дауыстарын беріп үлгерді. Учаскемізге тіркелген тұрғындар белсенділік танытуда. Барлығы заң аясында өтіп жатыр. Тәуелсіз бақылаушылар да өз міндеттерін орындауда. Бізде өрескел жағдай, не болмаса заң бұзушылық орын алған жоқ, – деді №207 учаскелік сайлау комиссиясының төрағасы.

Облыс орталығындағы №264 сайлау учаскесінде 2200-ге жуық сайлаушы тіркелген. Оның 6-ы үйден дауыс беруге өтініш білдірген.

Сайлау учаскесі төрайымы Ұлбосын Маханованың айтуынша, дауыс беру сағат 7.00-де басталатынына қарамастан, тұрғындар таңертеңгі сағат 6.30-дан келе бастаған. Ең бірінші болып Нәби Жолмырзаев есімді қария келіп өз таңдауын жасалды. Ал көмелет жасқа толып, сайлау құтқина не болған Ұлан Аманғалиев есімді жігіттің бұл алғашқы сай-

лауы екен. Оларға естелік сыйлықтар табыс-талды.

Балаларға арналған қазақ тіліндегі дамытушы мультфильмдер құрастырушы жас маман, аудармашы, психолог, «Қазақстандағы 100 жана есім» республикалық жобасының жеңімпазы Сымбат Әбдрахманова да осы сайлау учаскесіне қарайды екен. Ел болашағын айқындайтын науқанда өз таңдауын жасауға келген Сымбатпен тілдесудің де сәті түсті.

– Бүгін еліміз үшін айтулы күн, тарихи оқиға. Өйткені, ел президентін таңдаймыз. Сайлауға келіп өз болашағына таңдау жасау әрбір азаматтың парызы деп білемін. Сол себепті еліміз үшін, балаларымыздың жарқын болашағы үшін өзімің таңдауымды жасаймын, – деді ол.

Сайлау науқанына облыстағы аудан тұрғындары да белсенділікпен қатысты.

«Сыр бойының» тілшілер тобы. Суреттерді түсірген Н.НУРЖАУБАЙ.

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ БАЙҚАУШЫ

Жоғары деңгейде өтті

Қазақстанға бұрын соңды жеке жұмыстармен келгенін. Байқаушы ретінде бірінші келдім. Бүгінгі науқан қазақ елінің алдында тұрған үлкен таңдау. Мұндай жауапкершілікті сезініп келіп жатқан халықтың қарасы көп.

Салыстырмалы түрде алып қарайтын болсақ, сайлау учаскесінде барлық жағдай жасалған. Тұрғындар өз мүмкіндіктерін толық пайдаланды, ешқандай кедергі болған жоқ. Тіпті, учаске кабинетіне дейін келген халыққа да, бақылаушыларға да өте қолайлы болды. Осыған сай сайлау ашық түрде өтті.



Андрей ГОРЯЧЫХ,
РФ Мәскеу облыстық сайлау комиссиясының аппарат кеңесшісі.

Біз науқаннан бір күн бұрын сайлауалды дайындықты пысықтадық. Сайлау комиссиясының дайындығы, сайлаушылардың дауыс беруі үшін жағдай жасау жұмыстарының деңгейі өте жоғары болып шықты.

Науқанға бейжай қарамай, дауыстарын беруге келіп жатқандар қарасы да қалып болды. Халықтың белсенділігі өте жоғары. Барлық заңдылық сақталған. Қандайда бір өрескел оқиықтар болмады. Тұрғындар арасында ешқандай түсінбеушілік орын алған жоқ, өз кезектерімен дауыстарын берді. Шағым түскен жағдайда сайлау комиссиясы дер кезінде шешім, жұмыстарын жақсы атқарды. Сондықтан сайлауды жоғары деңгейде өтті деп айтуға әбден болады.



Владимир ПИШАРИУК,
РФ Саратов облыстық сайлау комиссиясының төрағасы.

ПІКІР

Жаңа белестерге жол

Қазақстанда үлкен саяси шара Президент сайлауы болып өтті. Орталық сайлау комиссиясы төрағасының орынбасары Константин Петровтың мәлімдегеніндей, алдын ала мәлімет бойынша саяси науқан нәтижесінде Қасым-Жомарт Тоқаев 70,9 процент дауыс жинады. Сөйтіп сайлауда халық өз таңдауын жасалды.

Қасым-Жомарт Кемелұлы – еліміздің өркендеуіне үлкен үлес қосқан тұлғаның бірі. Ол жас мемлекеттегі дипломатия саласын көтеруге



күш салды. Сайлаудың алдында мен ол кісінің «Россия» телеарнасына берген сұхбатын көріп, оның мемлекет саясатында орнықты тұлға ретінде іс-әрекет жасай-

тынына сенім артқан болатынымын. Ол талап-шыл, жылдам шешім қабылдайтын, сонымен бірге сөзбұйдаға жоқ адам. Теледидарда, әсіресе, оның «Мен мемлекеттік маңызды бар жиынның өзін өткізуге 20 минут ғана уақыт жұмсаймын» дегені ұнады.

Қ.Тоқаевтың Қазақстанның жаңа белестерді бағындыруға мүмкіндігі мол екеніне сенімдімін.

Серік ДҮЙСЕНБАЕВ,
облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы.

Жастардың жарқын қолдауы

Дүйім жұрт, әсіресе жастар сабақтастық, әділдік, экономикалық өрлеуді қолдады. Өз сайлауалды бағдарламасында Қасым-Жомарт Кемелұлы өрлеудің қозғаушы күші жастар болатынын атап көрсетті.

Сайлауалды бағдарламада көрсетілгендей, «Жастар – ел тірегі» атты арнайы әлеуметтік жоба іске қосылды. Мұнымен қоса 300 жас маман іріктеліп «Президенттің кадрлық резервіне» енеді. Жастарды жұмыспен, тұрғын үймен қамтамасыз ету, (NEET) санатындағы жастардың мәселелері



күн тәртібінен түспейтін болады. «Дипломмен – ауылға!», «Серпін» бағдарламалары аясында білікті жас мамандарды қолдау шараларын кү-

шейту көзделіп отыр. Біздің жастардың басым көпшілігі отансүйгіш, ерікті түрде елге қоғамға пайдасын тигізіп жүр.

Келер 2020 «Еріктілер жылы» болып жарияланды. Жастарға жол ашылып мол мүмкіндіктердің жаңа кезеңі бастау алады. Қасым-Жомарт Кемелұлының жаңа бастамаларын жүзеге асыруда жасотандықтар аянбай еңбектенуге дайын.

Талғат ТІЛЕС,
«Жас Отан» Жастар қанаты» облыстық филиалының төрағасы.

Қоғамдық бақылау пәрмені

9 маусым күні өткен кезектен тыс Президент сайлауына қоғамдық мониторинг жүргізу міндеті жаңадан құрылған «Аманат» азаматтық платформасына тапсырылған болатын. Соңғы мәліметтер бойынша республика көлемінде «Аманат» азаматтық платформасының ұзын-саңы 10 мыңға жуық бақылаушысы мен 400-ден астам мобильді капитаны барлық облыстағы сайлау учаскелерін бақылауға қатысты.

Ал «Аманат» азаматтық платформасының Қызылорда облысындағы штабы қалай жұмыс жүргізгені туралы журналистермен кездесу барысында облыстық штаб жетекшісі Анар Ізден, штаб мүшелері Жандос Тұсмағамбет, Жандос Базартай және мобильді капитан Майя Наримова айтып берді.

Ыдырыс ТӘЖІҰЛЫ.

Олардың айтуынша, сайлауға дейін облыс көлемінде түрлі шаралар – бір дөңгелек стол отырысы, 6 рет журналистерге арналған брифинг, 19 рет үміткерлер штабымен, 17 рет жас сайлаушылармен кездесу, 6 рет сұхбат ұйымдастырылған.

Сайлауға дайындық барысында арнайы семинарда 382 адам білімін ұштағанмен, байқаушы ретінде қатысқаны 379 адам болды. Десе де, олар

облыстағы барлық сайлау учаскелерін қамти алды. Мұнан бөлек 32 мобильді капитан жұмыс жүргізді. Ал жалпы сайлауға қатысқан байқаушылар саны, оның ішінде халықаралық ұйымдардан келгендері бар, 2819 адам болды.

Облыс бойынша «Аманат» азаматтық платформасына аймақтағы 78 үкіметтік емес ұйым тартылып, штабта 29 адам жұмыс істеді. Алғашқы дерек бойынша «аманаттықтар» сайлау



кезінде орын алған заң бұзушылықтарға қатысты 12 акт толтырып, 20-дан астам сайлау учаскелерінде ескертпелер берген. Аумақтық сайлау комиссиясының мәліметі бойынша 2019 жылдың 9 маусым күні жергілікті уақытпен 18:00-де облыстық аумақтық сайлау комиссиясы

мен облыс прокуратурасына арыздар мен шағымдар түспеген.

Штаб мүшелері толтырылған 12 акті сайлау комиссиясына ұсынылғанын, әрі қарай прокуратураға шағымдануға құқықтары бар екенін жеткізді.

БРИФИНГ

Тұрмыстық қалдықтар кәдеге асырылуда

Өңіріміз «Эко - Әкімдік» номинациясы бойынша жеңімпаз атанды. Ақжолтай жаңалықты жария еткен баспасөз мәслихатында мамандар облысымыздың экологиялық жағдайын жақсарту мақсатында атқарылған шаралармен таныстырды.

Айсәуле ҚАРАПАЕВА.

«Қызылорда қаласында тұрмыстық қалдықтарды сұрыптау кешені полигонын құрылысы және сыртқы инженерлік желілерді жеткізу» жобасын мемлекеттік-жеке-меншік әріптестік аясында

іске асыру жоспарлануда. Жобаны жүзеге асыруға Белкөл кенті аумағынан 20 гектар жер учаскесі белгіленді. Сонымен бірге, облыстық бюджеттен қаржы бөлініп, Арал қаласында полигон құрылысы басталып,



осы жылы іске қосылады. Жалпы облыста санитарлық және экологиялық талапқа сәйкес 4 полигон жұмыс жасауда. Бұл жайында Өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте облыстық табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды ретлеу басқармасының басшысы Айдар Абдураманов мәлімдеді.

Облысымыздың экологиялық жағдайына әсер ететін маңызды факторлардың бірі Арал теңізінің тағдыры екені белгілі. Жыл сайын облыстық

бюджеттен қаржы бөлініп, Арал теңізінің құрғаған ұлтанында 5 мың гектар жерге сексеуіл көшеттерін отырғызу жұмыстары жүргізілуде. Оңтүстік Корея Республикасының орман шаруашылығы қызметімен бірлескен «Арал теңізінің құрғаған ұлтанында фитоорманмелиорациялық жұмыстар жүргізу» жобасы жүзеге асырылуда. Қаладағы 534 гектар жерге «жасыл белдеу» орналастыру мақсатында республикалық

бюджеттен қаржы бөлініп, сметалық құжаттары әзірленуде. Өткен жылы облыс бойынша 147 мың тонна тұрмыстық қалдық жинақталып, оның 4,7 мың тоннасы ғана өңделді. Жыл басынан бері 45 мың тонна жинақталып, оның 3,2 мың тоннасы игерілді. Бұл салыстырмалы түрде алғанда жақсы көрсеткіш. Қаладағы «Ибрайхан и К ЛТД» ЖШС полигонындағы жинақталған шыны, көлік дөңгелегі, пластик, мата, құрылыс қалдықтары

сұрыпталып, кәдеге жаратылуда. «Smart Rubber» ЖШС автокөліктердің тозығы жеткен жарамсыз дөңгелектерін тамшылатып суаруға арналған түтіктер шығаруда. Ал «Эко-Н Сервис» ЖШС істен шыққан, құрамында сынабы бар шамдарды утилизациялау жұмыстарын жүзеге асырып келеді. Бүгінде облыс тұрғындарының 65 проценті тұрмыстық қалдықтарды тасымалдау қызметімен қамтамасыз етілді.

